

**Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің кейбір мәселелері туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2017 жылғы 3 наурыздағы № 18 бұйрығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2022 жылғы 16 маусымдағы № 205 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 16.06.2022 № 205 бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 25 қаңтардағы № 412 Жарлығына, "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 18 ақпандағы № 81 қаулысына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитеті" мемлекеттік мекемесінің;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Ақмола облысы бойынша департаменті" мемлекеттік мекемесінің;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті" мемлекеттік мекемесінің;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Алматы облысы бойынша департаменті" мемлекеттік мекемесінің;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Атырау облысы бойынша департаменті" мемлекеттік мекемесінің;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаменті" мемлекеттік мекемесінің;

7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Жамбыл облысы бойынша департаменті" мемлекеттік мекемесінің;

8) осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті" мемлекеттік мекемесінің;

9) осы бұйрыққа 9-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті" мемлекеттік мекемесінің ;

10) осы бұйрыққа 10-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Қостанай облысы бойынша департаменті" мемлекеттік мекемесінің;

11) осы бұйрыққа 11-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті" мемлекеттік мекемесінің;

12) осы бұйрыққа 12-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Маңғыстау облысы бойынша департаменті" мемлекеттік мекемесінің ;

13) осы бұйрыққа 13-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Павлодар облысы бойынша департаменті" мемлекеттік мекемесінің;

14) осы бұйрыққа 14-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті" мемлекеттік мекемесінің;

15) осы бұйрыққа 15-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Түркістан облысы бойынша департаменті" мемлекеттік мекемесінің;

16) осы бұйрыққа 16-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Нұр-Сұлтан қаласы бойынша департаменті" мемлекеттік мекемесінің;

17) осы бұйрыққа 17-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон

комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті" мемлекеттік мекемесінің ережелері бекітілсін.

18) осы бұйрыққа 18-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Шымкент қаласы бойынша департаменті" мемлекеттік мекемесінің;

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 12.07.2018 № 292; 06.08.2020 № 300 бұйрықтарымен.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитеті (бұдан әрі – Комитет) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың көшірмесін мемлекеттік және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2014 жылғы 17 қазандағы № 145 бұйрығының (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2014 жылғы 27 қазанда № 9835 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрі*

Т. Дүйсенова

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрінің
2017 жылғы 3 наурыздағы
№ 18 бұйрығына
1-қосымша

"Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитеті" мемлекеттік мекемесінің ережесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитеті" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Комитет) Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты

әлеуметтік қорғау министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) құзыреті шегіндегі еңбек, оның ішінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, жұмыспен қамту, көші-қон және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асыратын ведомствосы болып табылады.

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

4. Комитет өз атынан азаматтық-құқықтық қатынастарға түседі. Комитеттің, егер оған заңнамаға сәйкес уәкілеттік берілсе, азаматтық-құқықтық қатынастар тарапы ретінде мемлекеттің атынан түсуге құқығы бар.

5. Комитет өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Комитет төрағасының бұйрықтарымен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

6. Комитеттің құрылымы және штат санының лимиті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бекітіледі.

7. Комитеттің заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік ел даңғылы, 8-үй, "Министрліктер үйі" әкімшілік ғимараты, 6-кіреберіс.

8. Комитеттің толық атауы – "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

9. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

10. Комитет қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

11. Комитетке кәсіпкерлік субъектілерімен Комитеттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Комитетке Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2-тарау. Комитеттің негізгі міндеттері және функциялары, құқықтары мен міндеттері

12. Комитеттің міндеттері:

1) Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының, оның ішінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі талаптарының, халықты жұмыспен қамту, зейнетақымен және әлеуметтік қамсыздандыру, мүгедектерді әлеуметтік қорғау, арнаулы әлеуметтік қызметтер, міндетті әлеуметтік сақтандыру, халықтың көші-қоны туралы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

2) еңбек, оның ішінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, зейнетақымен және әлеуметтік қамсыздандыру, міндетті әлеуметтік сақтандыру, балалы отбасыларды әлеуметтік қолдау, азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету, мүгедектерді әлеуметтік қорғау аясында, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету, халықтың көші-қоны саласында өз құзыреті шегінде мемлекеттік саясатты іске асыру.

13. Комитеттің функциялары:

1) өз құзыреті шегінде еңбек, оның ішінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, зейнетақымен және әлеуметтік қамсыздандыру, әлеуметтік қорғау, халықтың көші-қоны саласындағы бағдарламаларды іске асыру, халықты жұмыспен қамту саласындағы бағдарламаларды мониторингілеу және іске асыру;

2) еңбек, оның ішінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау; зейнетақымен және әлеуметтік қамсыздандыру, міндетті әлеуметтік сақтандыру; балалы отбасыларды әлеуметтік қолдау, азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету, мүгедектерді әлеуметтік қорғау аясында, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету, халықтың көші-қоны саласында өз құзыреті шегінде мемлекеттік саясатты іске асыру;

3) Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының, оның ішінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі талаптарының, халықты жұмыспен қамту; зейнетақымен және әлеуметтік қамсыздандыру; мүгедектерді әлеуметтік қорғау; міндетті әлеуметтік сақтандыру; арнаулы әлеуметтік қызметтер, сондай-ақ халықтың көші-қоны туралы заңнамасының сақталуына өз құзыреті шегінде мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру және жүзеге асыру;

4) еңбек, оның ішінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында мониторингті және тәуекелдерді бағалауды ұйымдастыру;

5) адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын нормативтік құқықтық актілерді қоспағанда, министрліктің нормативтік құқықтық актілерінде оларды бекіту бойынша тікелей құзыреті болған кезде нормативтік құқықтық бұйрықтарды қабылдау;

б) еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті атқарушы органдардан еңбек қатынастары мәселелері бойынша қажетті ақпаратты сұратуды жүзеге асыру;

7) еңбек қатынастарын реттеу саласындағы жергілікті атқарушы органдарға әдістемелік басшылықты және оларды үйлестіруді жүзеге асыру;

8) еңбек инспекциясы жөніндегі жергілікті органның қызметін тексеруді жүзеге асыру;

9) облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бас мемлекеттік еңбек инспекторын тағайындауды келісу;

10) жер қойнауын пайдаланушылардың кадрлардағы жергілікті қамту, сондай-ақ кемсітпеушілік негізде қазақстандық кадрлардың еңбек жағдайлары мен еңбегіне ақы төлеуді қамтамасыз ету бойынша келісімшарттық міндеттемелерді орындауына мониторингті жүзеге асыруға қатысу;

11) еңбек, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында мониторингті және тәуекелдерді бағалауды ұйымдастыру;

12) басшы қызметкерлерді және жұмыс берушілердегі еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғауды қамтамасыз етуге жауапты адамдарды оқытуға және білімін тексеруге қатысу;

13) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес топтық жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру үшін комиссия құру;

14) үш адамнан бес адамға дейін қаза болған жағдайда топтық жазатайым оқиғаларға Комитет құратын комиссияның тергеп-тексеру жүргізуі;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларға уақтылы және объективті тергеп-тексерудің жүргізілуіне бақылауды жүзеге асыру;

16) еңбек қызметіне байланысты жазатайым оқиғаларды тергеп-тексеру, ресімдеу және тіркеу мәселелері бойынша жұмыс беруші, жұмыскер және мемлекеттік еңбек инспекторы арасындағы келіспеушіліктерді қарау;

17) оралман мәртебесін беруден бас тарту туралы шағымдарды қарау;

18) өз бетінше жұмысқа орналасу үшін біліктілігінің сәйкестігіне анықтама беру туралы шетелдік жұмыскерлердің өтініштерін қарау;

19) шетелдік жұмыскерлердің орталықтандырылған дерекқорын қалыптастыру, "Шетелдік жұмыс күші" ақпараттық жүйесін құру және олардың тиісті уәкілетті мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен өзара әрекеттесуін қамтамасыз ету;

20) еңбекші мигранттардың және этникалық қазақтардың бірыңғай дерекқорын қалыптастыру және ішкі істер органдарының, ұлттық қауіпсіздік органдарының, Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің тиісті ақпараттық жүйелерімен өзара әрекеттесуін қамтамасыз ету;

21) халықтың көші-қоны саласындағы жергілікті атқарушы органдардың әдістемелік басшылығын жүзеге асыру;

22) оралмандар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасын іске асыру мониторингін жүргізу;

23) бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айрылған жағдайда әлеуметтік төлемді алушыларға міндетті зейнетақы жарналарының бюджеттік субсидиясының мөлшерін белгілеу;

24) бюджет қаражаты есебінен берілетін мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды, жасына байланысты зейнетақы төлемдерін, арнаулы мемлекеттік жәрдемақыны, мемлекеттік арнайы жәрдемақыны, бала тууына байланысты және бала бір жасқа толғанға дейін оның күтімі бойынша тағайындалатын және төленетін біржолғы мемлекеттік жәрдемақыларды, мүгедек баланы (мүгедек балаларды) тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қамқоршыға (қорғаншыға) тағайындалатын және төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақыны, банкроттық салдарынан таратылған заңды тұлғалардың қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығына келтірген зиянды өтеу жөніндегі төлемдерді капиталдандыру кезеңі аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасының азаматтарына ай сайынғы төлемдер түріндегі әлеуметтік көмекті, Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарға, саяси қуғын-сүргіндер құрбандарына біржолғы ақшалай өтемақыны, жерлеуге арналған біржолғы төлемді, инфляцияның деңгейін ескере отырып міндетті зейнетақы жарналарының сомасы мен зейнетақы төлемдеріне құқықты иеленуі кезіндегі зейнетақы жинақтарының сомасы арасындағы айырманы тағайындау туралы немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылдау және олардың төленуін қамтамасыз етуі;

25) бюджет қаражаты есебінен берілетін зейнетақы және әлеуметтік төлемдерді, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан (бұдан әрі – Қор) берілетін әлеуметтік төлемдерді алушылардың саны мен олардың сомалары туралы деректер жинауды ұйымдастыру;

26) бюджет қаражаты есебінен берілетін зейнетақы және әлеуметтік төлемдерді тағайындау мен алу, сондай-ақ Қордан берілетін әлеуметтік төлемдерді тағайындау мен алу мәселелері жөнінде түсіндірме беру;

27) Қордың қызметі туралы мәліметтерді, сондай-ақ мемлекеттік органдардан және ұйымдардан өздерінің бақылау функцияларын жүзеге асыруға қажетті мәліметтерді алу;

28) бюджет қаражаты есебінен берілетін мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды, жасына байланысты зейнетақы төлемдерін, арнаулы мемлекеттік жәрдемақыны,

мемлекеттік арнайы жәрдемақыны, бала тууына байланысты және бала бір жасқа толғанға дейін оның күтімі бойынша тағайындалатын және төленетін біржолғы мемлекеттік жәрдемақыларды, мүгедек баланы (мүгедек балаларды) тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қамқоршыға (қорғаншыға) тағайындалатын және төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақыны, банкроттық салдарынан таратылған заңды тұлғалардың қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығына келтірген зиянды өтеу жөніндегі төлемдерді капиталдандыру кезеңі аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасының азаматтарына ай сайынғы төлемдер түріндегі әлеуметтік көмекті, Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарға, саяси қуғын-сүргіндер құрбандарына біржолғы ақшалай өтемақыны, жерлеуге арналған біржолғы төлемді, инфляцияның деңгейін ескере отырып міндетті зейнетақы жарналарының сомасы мен зейнетақы төлемдеріне құқықты иеленуі кезіндегі зейнетақы жинақтарының сомасы арасындағы айырманы және Қордан берілетін әлеуметтік төлемдерді төлеудің уақтылылығы мен толықтығына бақылауды жүзеге асыру;

29) бюджет қаражаты есебінен берілетін мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды, жасына байланысты зейнетақы төлемдерін, арнаулы мемлекеттік жәрдемақыны, мемлекеттік арнайы жәрдемақыны, бала тууына байланысты және бала бір жасқа толғанға дейін оның күтімі бойынша тағайындалатын және төленетін біржолғы мемлекеттік жәрдемақыларды, мүгедек баланы (мүгедек балаларды) тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қамқоршыға (қорғаншыға) тағайындалатын және төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақыны, банкроттық салдарынан таратылған заңды тұлғалардың қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығына келтірген зиянды өтеу жөніндегі төлемдерді капиталдандыру кезеңі аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасының азаматтарына ай сайынғы төлемдер түріндегі әлеуметтік көмекті, Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарға, саяси қуғын-сүргіндер құрбандарына біржолғы ақшалай өтемақыны, жерлеуге арналған біржолғы төлемді, инфляцияның деңгейін ескере отырып міндетті зейнетақы жарналарының сомасы мен зейнетақы төлемдеріне құқықты иеленуі кезіндегі зейнетақы жинақтарының сомасы арасындағы айырманы тағайындау үшін қажетті құжаттардың дәйектілігін негіздемелер болған кезде тексеру;

30) "Әкімшілік рәсімдер туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен Қордың қызметіне ішкі бақылауды жүзеге асыру;

31) медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу;

32) организм функцияларының бұзылу дәрежесіне және тіршілік-тынысының шектелуіне байланысты себебін, мерзімін айқындай отырып, мүгедектік тобын және (немесе) еңбек ету қабілетінен айрылу дәрежесін белгілеу;

33) мүгедектерді оңалтудың жеке бағдарламаларының әлеуметтік және кәсіби бөліктерін әзірлеу, еңбек міндеттерін орындауына байланысты жарақат алған не денсаулығына өзге де зақым келген жұмыскердің Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген көмек пен күтімнің қосымша түрлеріне мұқтаждығын айқындау;

34) тұрғындардың мүгедектік деңгейі мен себебін зерттеу;

35) мүгедектік алғаш рет белгіленген кезде мүгедектігі бойынша мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақыны тағайындауға құжаттар қабылдау;

36) Комитеттің аумақтық департаменттерінің халықты әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік қызметтерді өз құзыреті шегінде көрсетуін мониторингілеу;

37) аумақтық департаменттердің мүгедектерді әлеуметтік қорғау аясындағы және арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы тексерулерді уақтылы және объективті жүргізуіне ішкі бақылауды жүзеге асыру;

38) өз құзыреті шегінде еңбек, жұмыспен қамту, көші-қон және халықты әлеуметтік қорғау, әлеуметтік қамсыздандыру, оның ішінде зейнетақымен қамсыздандыру және міндетті әлеуметтік сақтандыру саласындағы дерекқорларды сүйемелдеу;

39) Комитеттің аумақтық департаменттерінің Қордың әлеуметтік төлемдерді уақтылы және дұрыс тағайындауын бақылауды қамтамасыз етуін мониторингілеу;

40) Комитеттің аумақтық департаменттерінің Мемлекеттік корпорацияның алушыға әлеуметтік төлемдерді уақтылы және толық аударуын бақылауды қамтамасыз етуін мониторингілеу;

41) Қордың әлеуметтік төлемдерді тағайындауы, тағайындаудан бас тартуы, сондай-ақ Мемлекеттік корпорацияның әлеуметтік төлемдерді уақтылы және толық аударуы мәселелері бойынша міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылардың шағымдарын Комитеттің аумақтық департаменттерінің қарауын мониторингілеу;

42) өз құзыреті шегінде еңбек, жұмыспен қамту, көші-қон, халықты әлеуметтік қорғау, зейнетақымен қамсыздандыру және міндетті әлеуметтік сақтандыру мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау;

43) Қазақстан Республикасының заңдарында, Президенттің және Үкіметтің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

14. Комитеттің құқықтары мен міндеттері:

1) басқа мемлекеттік органдармен және ұйымдармен өзара әрекеттесуді жүзеге асыру;

2) талдамалық жұмысты қамтамасыз ету және Комитетке жүктелген функцияларды орындау үшін қажетті құжаттарды және ақпараттық сипаттағы анықтамаларды жеке және заңды тұлғалардан, ұйымдардан, орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардан сұрату;

3) Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша шешімдер қабылдау;

4) Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының талаптарын, оның ішінде еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі талаптардың, халықты жұмыспен қамту, зейнетақымен қамсыздандыру, мүгедектерді әлеуметтік қорғау, міндетті әлеуметтік сақтандыру, арнаулы әлеуметтік қызметтер, халықтың көші-қоны туралы заңнамасы талаптарының сақталуына тексерулерді және мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандарын өз құзыреті шегінде жүзеге асыру;

5) Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелерді талқылау жөніндегі комиссиялар мен жұмыс топтарының жұмысына қатысу;

6) нормативтік құқықтық актілерге Министрліктің және Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде Министрліктің басшылығына өз құзыреті шегінде ұсыныстар енгізу;

7) Комитет жанынан консультациялық-кеңесші органдар мен сараптама комиссияларын құру;

8) Қазақстан Республикасы Мемлекет басшысының, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті жылдарға арналған заң жобалау жұмыстары жоспарларының уақтылы және сапалы орындалуын қамтамасыз ету;

9) Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда Министрлік атынан өкілеттік ету;

10) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын, заңмен қорғалатын мүдделерін бұзбай, Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау;

11) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

3-тарау. Комитеттің қызметін ұйымдастыру

15. Комитет өзінің негізгі міндеттері мен функцияларын жүзеге асыруға заңнамалық актілерге, Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес қажетті өкілеттіліктерге ие.

16. Комитетті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен лауазымға тағайындалатын және лауазымынан босатылатын Комитет

төрағасы – Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік еңбек инспекторы (бұдан әрі – Төраға) басқарады.

17. Комитет төрағасы Комитеттің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды және Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін дербес жауапкершілікте болады.

18. Осы мақсаттарда Комитет төрағасы:

1) Комитеттің білікті кадрлардан құрылуын және олардың кәсіби деңгейін арттыруды қамтамасыз етеді;

2) еңбек қатынастарының мәселелері заңнамалық актілерге сәйкес мемлекеттік органдардың және жоғары тұрған лауазымды адамдардың құзыретіне жатқызылған қызметкерлерді қоспағанда, Комитеттің қызметкерлерін лауазымдарға тағайындайды және босатады;

3) жоғары тұрған лауазымды адамдармен келісу бойынша аумақтық бөлімшелер басшыларының орынбасарларын және басшыларын лауазымдарға тағайындайды және босатады;

4) Комитет төрағасы орынбасарларының міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

5) Комитет қызметкерлерінің, аумақтық бөлімшелер басшыларының және басшыларын орынбасарларының міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

6) Комитет қызметкерлерін іссапарға жіберу, еңбек демалыстарын, сыйлықақы беру, лауазымдық айлықақыларына үстемақы белгілеу, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру мәселелерін шешеді;

7) аумақтық бөлімшелер басшыларының орынбасарларына еңбек демалыстарын, сыйлықақы беру, лауазымдық айлықақыларына үстемақы белгілеу, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру мәселелерін шешеді;

8) еңбек қатынастарының мәселелері заңнамалық актілерге сәйкес мемлекеттік органдардың және жоғары тұрған лауазымды адамдардың құзыретіне жатқызылған қызметкерлерді қоспағанда, Комитет қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолдану мәселелерін шешеді;

9) мемлекеттік органдарда және меншік нысанына қарамастан өзге ұйымдарда Комитеттің атынан өкілдік етеді;

10) Комитет атынан наразылықтар мен талаптар білдіру туралы шешімдер қабылдайды;

11) Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды және құқықтық актілерге қол қояды;

12) азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қозғайтын актілерді қоспағанда, министрліктің актілерінде оларды бекіту бойынша тікелей құзырет

болған кезде Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша нормативтік құқықтық бұйрықтарды қабылдайды;

13) Комитетте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасауға бағытталған шаралар қабылдайды;

14) азаматтарға қабылдауды жүзеге асырады.

19. Комитет төрағасының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары болады.

20. Комитет төрағасының орынбасарлары:

1) өз өкілеттіктері шегінде Комитеттің қызметін үйлестіреді;

2) Комитет төрағасы болмаған кезде Комитеттің қызметіне басшылықты жүзеге асырады және Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуы мен өз өкілеттіктері шегіндегі функцияларының жүзеге асырылуы үшін дербес жауапкершілікте болады;

3) Комитет төрағасы жүктеген өзге де міндеттерді жүзеге асырады.

21. Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Комитет атынан басқа да құрылымдық бөлімшелерге жіберілетін құжаттарға Комитеттің төрағасы, ол болмаған жағдайда—оны алмастыратын адам қол қояды.

4-тарау. Комитеттің мүлкі

22. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, Комитеттің жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

Комитеттің мүлкі оған мемлекет берген мүліктің есебінен, сондай-ақ Комитеттің теңгерімінде құны көрсетілген өзге де мүліктен құрылады.

23. Комитетке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Комитеттің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша оған бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату

25. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрінің
2017 жылғы 3 наурыздағы № 18
бұйрығына
2-қосымша

"Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Ақмола облысы бойынша департаменті" мемлекеттік мекемесінің ережесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Ақмола облысы бойынша департаменті (бұдан әрі – Департамент) халықты әлеуметтік қорғау, зейнетақымен және әлеуметтік қамсыздандыру, міндетті әлеуметтік сақтандыру, арнаулы әлеуметтік қызметтер саласында мемлекеттік бақылауды және іске асыруды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің (бұдан әрі – Комитет) аумақтық бөлімшесі болып табылады.

2. Департамент өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілерін, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, осы Ережені басшылыққа алады.

3. Департамент мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңнамаға сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Департаменттің құрылымын, штат санын Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің жауапты хатшысы бекітеді.

5. Департаменттің заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 020000, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Горький көшесі, 60-үй.

6. Департаменттің толық атауы – "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Ақмола облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

7. Осы Ереже Департаменттің құрылтай құжаты болып табылады.

8. Департаменттің қызметін қаржыландыру тек республикалық бюджет қаражатының есебінен жүзеге асырылады. Департаментке өзінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Департаментке заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, аталған кірістер республикалық бюджет кірісіне жіберіледі.

2-тарау. Департаменттің негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

9. Департаменттің міндеті зейнетақымен және әлеуметтік қамсыздандыру, мүгедектерді әлеуметтік қорғау, медициналық-әлеуметтік сараптама, міндетті әлеуметтік сақтандыру, балалы отбасыларды әлеуметтік қолдау, азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру болып табылады.

10. Департаменттің функциялары:

1) өз құзыреті шегінде зейнетақымен және әлеуметтік қамсыздандыру, мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы, міндетті әлеуметтік сақтандыру, арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы заңнаманың сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

2) бюджет қаражатының есебінен берілетін мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды, жасына байланысты зейнетақы төлемдерін, арнаулы мемлекеттік жәрдемақыны, мемлекеттік арнайы жәрдемақыны, бала тууға байланысты және бала бір жасқа толғанға дейін оның күтімі бойынша тағайындалатын және төленетін біржолғы мемлекеттік жәрдемақыларды, мүгедек баланы (мүгедек балаларды) тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қамқоршыға (қорғаншыға) тағайындалатын және төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақыны, банкроттық салдарынан таратылған заңды тұлғалардың қызметкерлердің өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянды өтеу жөніндегі төлемдерді капиталдандыру кезеңі аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасының азаматтарына ай сайынғы төлемдер түріндегі әлеуметтік көмекті, Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарға, саяси қуғын-сүргіндер құрбандарына біржолғы ақшалай өтемақыны, жерлеуге арналған біржолғы төлемді, инфляция деңгейін ескере отырып міндетті зейнетақы жарналарының сомасы мен бюджет қаражаты есебінен зейнетақы төлемдеріне құқықты иелену кезіндегі зейнетақы жинақтарының сомасы арасындағы айырманы тағайындау туралы немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылдау және олардың төленуін қамтамасыз ету;

3) бюджет қаражатының есебінен берілетін мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың, жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің, арнаулы мемлекеттік жәрдемақының, мемлекеттік арнайы жәрдемақының, бала тууға байланысты және бала бір жасқа толғанға дейін оның күтімі бойынша тағайындалатын және төленетін біржолғы мемлекеттік жәрдемақылардың, мүгедек баланы (мүгедек балаларды) тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қамқоршыға (қорғаншыға) тағайындалатын және төленетін ай сайынғы

мемлекеттік жәрдемақының, банкроттық салдарынан таратылған заңды тұлғалардың қызметкерлердің өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянды өтеу жөніндегі төлемдерді капиталдандыру кезеңі аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасының азаматтарына ай сайынғы төлемдер түріндегі әлеуметтік көмекті, Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарға, саяси қуғын-сүргіндер құрбандарына біржолғы ақшалай өтемақының, жерлеуге арналған біржолғы төлемнің, инфляция деңгейін ескере отырып міндетті зейнетақы жарналарының сомасы мен бюджет қаражаты есебінен зейнетақы төлемдеріне құқықты иелену кезіндегі зейнетақы жинақтарының сомасы арасындағы айырманың, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан (бұдан әрі – Қор) төленетін әлеуметтік төлемдердің уақтылы және толық төленуіне бақылауды жүзеге асыру;

4) бюджет қаражатының есебінен берілетін мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды, жасына байланысты зейнетақы төлемдерін, арнаулы мемлекеттік жәрдемақыны, мемлекеттік арнайы жәрдемақыны, бала тууға байланысты және бала бір жасқа толғанға дейін оның күтімі бойынша тағайындалатын және төленетін біржолғы мемлекеттік жәрдемақыларды, мүгедек баланы (мүгедек балаларды) тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қамқоршыға (қорғаншыға) тағайындалатын және төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақыны, банкроттық салдарынан таратылған заңды тұлғалардың қызметкерлердің өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянды өтеу жөніндегі төлемдерді капиталдандыру кезеңі аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасының азаматтарына ай сайынғы төлемдер түріндегі әлеуметтік көмекті, Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарға, саяси қуғын-сүргіндер құрбандарына біржолғы ақшалай өтемақыны, жерлеуге арналған біржолғы төлемді, инфляция деңгейін ескере отырып міндетті зейнетақы жарналарының сомасы мен бюджет қаражаты есебінен зейнетақы төлемдеріне құқықты иелену кезіндегі зейнетақы жинақтарының сомасы арасындағы айырманы тағайындауға қажетті құжаттардың дәйектілігін негіздеме болған кезде тексеру;

5) "Әкімшілік рәсімдер туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен Қордың қызметіне ішкі бақылауды жүзеге асыру;

6) бюджет қаражаты есебінен және Қордан төленетін зейнетақы мен әлеуметтік төлемдерді алушылардың саны және сомалары туралы деректер жинауды ұйымдастыру;

7) бюджет қаражаты есебінен зейнетақы мен әлеуметтік төлемдерді тағайындау және алу, сондай-ақ Қордан төленетін әлеуметтік төлемдерді тағайындау және төлеу мәселелері бойынша түсінік беру;

8) Департаменттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін заңнамада белгіленген тәртіпте қарау;

9) медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу;

10) организм функцияларының бұзылу және тіршілік тынысының шектелу дәрежесіне қарай себебін, мерзімін анықтай отырып мүгедектік тобын және (немесе) еңбек ету қабілетінен айрылу дәрежесін белгілеу;

11) мүгедектерді есепке алу жүйесінің орталықтандырылған дерекқорын қалыптастыру, мүгедектіктің себептеріне, құрылымына және жай-күйіне мониторинг жүргізу;

12) халықтың мүгедектік деңгейі мен себептерін зерделеу;

13) мүгедектік алғаш белгіленген жағдайда мүгедектігі бойынша мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақы тағайындауға құжаттар қабылдау;

14) медициналық ұйымдардың дәрігерлеріне медициналық-әлеуметтік сараптама және мүгедектерді оңалту мәселелері бойынша консультативтік көмек көрсету, олардың біліктілігін арттыру жөнінде іс-шаралар жүргізуге қатысу;

15) әскери міндеттілерді және әскерге шақыру жасындағы адамдарды мүгедек деп тану туралы мәліметтерді әскери басқарудың жергілікті органдарына ұсыну;

16) заманауи, ғылыми қағидаттар мен әдістерді жұмыс практикасына енгізу, сондай-ақ озық тәжірибені қорыту және тарату, медициналық-әлеуметтік сараптама және мүгедектерді оңалту жөнінде әдістемелік ұсынымдар әзірлеу;

17) мүгедектерді оңалтудың жеке бағдарламасының әлеуметтік және кәсіптік бөліктерін әзірлеу, еңбек (қызметтік) міндеттерін орындаумен байланысты жарақат алған немесе денсаулығына басқа да зиян келтірілген қызметкердің Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген қосымша көмек түрлері мен күтімге мұқтаждығын айқындау, мүгедектерді оңалтудың жеке бағдарламаларының іске асырылуын бақылау;

18) еңбек (қызметтік) міндеттерін орындау кезінде жарақат алған немесе денсаулығына басқа да зиян келтірілген қызметкердің қосымша көмек түрлері мен күтімге мұқтаждығын айқындау;

19) Қордың әлеуметтік төлемдерді уақтылы және дұрыс тағайындауын бақылауды қамтамасыз ету;

20) Мемлекеттік корпорацияның алушыға әлеуметтік төлемдерді уақтылы және толық аударуын бақылауды қамтамасыз ету;

21) Қордың әлеуметтік төлемдерді тағайындауы, тағайындаудан бас тартуы, сондай-ақ Мемлекеттік корпорацияның әлеуметтік төлемдерді уақтылы және

толық аударуы мәселелері бойынша міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушылардың шағымдарын қарау;

22) өз құзыреті шегінде Министрлік пен Комитет басшылығының тапсырмаларын орындау;

23) өз құзыреті шегінде құқықтық, консультациялық және практикалық көмекті жүзеге асыру;

24) өз құзыреті шегінде халықты әлеуметтік қорғау саласында мемлекеттік қызметтер көрсету;

25) өз құзыреті шегінде халықты әлеуметтік қорғау саласындағы дерекқорды сүйемелдеу;

26) Министрліктің Стратегиялық және Операциялық жоспарларын және Комитеттің жұмыс жоспарын іске асыруға қатысу;

27) Департаментке заңнамамен және Министрлік пен Комитет басшылығы тарапынан жүктелген өзге де міндеттер мен функциялар.

11. Департаменттің құқықтары мен міндеттері:

1) белгіленген тәртіппен және құзыреті шегінде тексеруді және зейнетақымен және әлеуметтік қамсыздандыру, әлеуметтік сақтандыру және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы, арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы заңнама талаптарының сақталуы бойынша мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандарын жүзеге асыру;

2) белгіленген тәртіппен басқа мемлекеттік органдармен және ұйымдармен байланысты жүзеге асыру, олардан қызметке қажетті мәліметтер мен материалдарды сұрату және алу;

3) талдау жұмысын қамтамасыз етуге және Департаментке жүктелген міндеттер мен функцияларды орындауға қажетті құжаттар мен ақпараттық сипаттағы анықтамаларды белгіленген тәртіппен Министрліктің ведомстволық бағынысты ұйымдарынан, жергілікті атқарушы органдардан, жеке және заңды тұлғалардан сұрату және алу;

4) Департаменттің құзыретіне кіретін мәселелерді талқылау жөніндегі комиссиялар мен жұмыс топтарының жұмысына қатысу;

5) Министрлік пен Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар енгізу;

6) өз атынан азаматтық-құқықтық қатынастарға түсу;

7) Министрліктің және (немесе) Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша сенімхат негізінде мемлекеттік мекемелерде, меншік нысанына қарамастан ұйымдарда, республиканың барлық соттарында олардың атынан өкілдік ету;

8) Департаменттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша шешімдер қабылдау;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың заңмен қорғалатын құқықтары мен мүдделерін сақтау;

10) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де құқықтар мен міндеттер.

3-тарау. Департаменттің қызметін ұйымдастыру

12. Департаментті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тағайындайтын басшы басқарады. Департамент басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен лауазымға тағайындайтын және лауазымынан босататын орынбасарлары болады.

Департамент басшысының, басшы орынбасарларының міндеттері мен өкілеттіктерін Комитет төрағасы айқындайды.

13. Департамент басшысы Департаменттің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды және Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуы және оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін дербес жауапты болады.

14. Осы мақсатта Департамент басшысы:

1) Департамент қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

2) еңбек қатынастарының мәселелері заңнамалық актілерге сәйкес жоғары тұрған лауазымды адамдардың құзыретіне жатқызылған қызметкерлерді қоспағанда, заңнамаға сәйкес Департамент қызметкерлерін лауазымдарға тағайындайды және лауазымдардан босатады;

3) Департамент қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын бекітеді, заңнамада белгіленген тәртіпте Департамент қызметкерлерін іс-сапарға жіберу мәселелерін шешеді;

4) еңбек қатынастарының мәселелері заңнамалық актілерге сәйкес жоғары тұрған лауазымды адамдардың құзыретіне жатқызылған қызметкерлерді қоспағанда, заңнамада белгіленген тәртіпте демалыс беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілікті арттыру, көтермелеу, үстемеақы төлеу және сыйлықақы беру, Департамент қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолдану мәселелерін шешеді;

5) демалыс беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілікті арттыру, көтермелеу, үстемеақы төлеу, сыйлықақы беру және Департамент басшысының орынбасарларына тәртіптік жаза қолдану мәселелерін Комитет төрағасының қарауына енгізеді;

6) белгіленген құзырет шегінде құқықтық актілерге қол қояды;

7) мемлекеттік органдарда және меншік нысанына қарамастан өзге де ұйымдарда, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалармен қарым-қатынаста Департаменттің атынан өкілдік етеді;

8) заңнамаға сәйкес Департаменттің атынан наразылықтар мен талап-арыздар беру туралы шешімдер қабылдайды;

9) Департаментте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдарға бағытталған шараларды қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы тиісті шаралар қабылдамағаны үшін дербес жауапкершілікте болады.

4-тарау. Департаменттің мүлкі

15. Департаменттің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін. Департаменттің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

16. Департаментке бекітілген мүлік республикалық меншікке жатады.

17. Егер заңнамада өзгеше белгіленбесе, Департаменттің өзіне бекітілген мүлікті және оған смета бойынша бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өздігінен иеліктен шығаруға немесе оған өзге де тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату

18. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрінің
2017 жылғы 3 наурыздағы
№ 18 бұйрығына
3-қосымша

"Еңбек, әлеуметтік қорғау және көпі-қон комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті" мемлекеттік мекемесінің ережесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Еңбек, әлеуметтік қорғау және көпі-қон комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті (бұдан әрі – Департамент) халықты әлеуметтік қорғау, зейнетақымен және әлеуметтік қамсыздандыру, міндетті әлеуметтік сақтандыру, арнаулы әлеуметтік қызметтер саласында мемлекеттік бақылауды және іске

асыруды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің (бұдан әрі – Комитет) аумақтық бөлімшесі болып табылады.

2. Департамент өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, заңдарын, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілерін, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерін, осы Ережені басшылыққа алады.

3. Департамент мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңнамаға сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Департаменттің құрылымын, штат санын Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің жауапты хатшысы бекітеді.

5. Департаменттің заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 030000, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Маресьев көшесі, 101-үй.

6. Департаменттің толық атауы – "Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

7. Осы Ереже Департаменттің құрылтай құжаты болып табылады.

8. Департаменттің қызметін қаржыландыру тек республикалық бюджет қаражатының есебінен жүзеге асырылады. Департаментке өзінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Департаментке заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, аталған кірістер республикалық бюджет кірісіне жіберіледі.

2-тарау. Департаменттің негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

9. Департаменттің міндеті зейнетақымен және әлеуметтік қамсыздандыру, мүгедектерді әлеуметтік қорғау, медициналық-әлеуметтік сараптама, міндетті әлеуметтік сақтандыру, балалы отбасыларды әлеуметтік қолдау, азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсету, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру болып табылады.

10. Департаменттің функциялары:

1) өз құзыреті шегінде зейнетақымен және әлеуметтік қамсыздандыру, мүгедектерді әлеуметтік қорғау саласындағы, міндетті әлеуметтік сақтандыру, арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы заңнаманың сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

2) бюджет қаражатының есебінен берілетін мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды, жасына байланысты зейнетақы төлемдерін, арнаулы мемлекеттік жәрдемақыны, мемлекеттік арнайы жәрдемақыны, бала тууға байланысты және бала бір жасқа толғанға дейін оның күтімі бойынша тағайындалатын және төленетін біржолғы мемлекеттік жәрдемақыларды, мүгедек баланы (мүгедек балаларды) тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қамқоршыға (қорғаншыға) тағайындалатын және төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақыны, банкроттық салдарынан таратылған заңды тұлғалардың қызметкерлердің өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянды өтеу жөніндегі төлемдерді капиталдандыру кезеңі аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасының азаматтарына ай сайынғы төлемдер түріндегі әлеуметтік көмекті, Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарға, саяси қуғын-сүргіндер құрбандарына біржолғы ақшалай өтемақыны, жерлеуге арналған біржолғы төлемді, инфляция деңгейін ескере отырып міндетті зейнетақы жарналарының сомасы мен бюджет қаражаты есебінен зейнетақы төлемдеріне құқықты иелену кезіндегі зейнетақы жинақтарының сомасы арасындағы айырманы тағайындау туралы немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылдау және олардың төленуін қамтамасыз ету;

3) бюджет қаражатының есебінен берілетін мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың, жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің, арнаулы мемлекеттік жәрдемақының, мемлекеттік арнайы жәрдемақының, бала тууға байланысты және бала бір жасқа толғанға дейін оның күтімі бойынша тағайындалатын және төленетін біржолғы мемлекеттік жәрдемақылардың, мүгедек баланы (мүгедек балаларды) тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қамқоршыға (қорғаншыға) тағайындалатын және төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақының, банкроттық салдарынан таратылған заңды тұлғалардың қызметкерлердің өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянды өтеу жөніндегі төлемдерді капиталдандыру кезеңі аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасының азаматтарына ай сайынғы төлемдер түріндегі әлеуметтік көмекті, Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарға, саяси қуғын-сүргіндер құрбандарына біржолғы ақшалай өтемақының, жерлеуге арналған біржолғы төлемнің, инфляция деңгейін ескере отырып міндетті зейнетақы жарналарының сомасы мен бюджет қаражаты есебінен зейнетақы төлемдеріне құқықты иелену кезіндегі зейнетақы жинақтарының сомасы арасындағы айырманың, Мемлекеттік

әлеуметтік сақтандыру қорынан (бұдан әрі – Қор) төленетін әлеуметтік төлемдердің уақтылы және толық төленуіне бақылауды жүзеге асыру;

